



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ОРТАЛЫҒЫ»

# Ұлттық аспап – ұлы мұраң

Әдістемелік құралы

АСТАНА  
2013

УДК 78  
ББК 85.315.3  
Ұ 43

*Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

Ұ 43 **Ұлттық аспап – ұлы мұраң.** Әдістемелік құрал –  
Редакциялық алқа мүшелері: *Г.А. Есімбаева, Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова*  
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б – қазақ тілінде.

**ISBN 978-9965-418-94-5**

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Аталмыш әдістемелік құрал оқушыларға халық мұрасы – ұлттық музыкалық аспаптар туралы толық мағлұмат бере отырып, оларды аспаптарды қастерлей білуге үйрету, әрі музыкалық талғамын қалыптастырып, аспаптарда ойнаудың қыр-сырын меңгеру жолында қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Аталмыш құрал жаңа қазақстандық патриоттықты, халықтық дәстүрді құрметтеуге бағытталған «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» 13-18 жастағы жастарға арналған.

**ISBN 978-9965-418-94-5**

УДК 78  
ББК 85.315.3  
Ұ 43

## КІРІСПЕ

Халқының барлық жақсы қасиеттерін жас ұрпақтар бойына сіңіріп, олардың қоғамдық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Эстетикалық тәрбиенің жас ұрпақтың өскен ортасын дұрыс таңдауы, адамдарға сүйіспеншілікпен қарауы, жалпы адамгершілік қасиеттерін бойларына сіңіруіне ұлттық музыканың да қосатын үлесі зор. Эстетикалық тәрбие құралдарының басты салаларының бірі – ұлттық музыка жеке тұлғаның ақыл-ой мен дене бітімін жетілдіреді, әрі жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, біліктілігі мен қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістемелік құралдың негізгі мақсаты шәкіртке ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту арқылы олардың санасына, сезімі мен ұшқыр қиялына игі әсер етіп, қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көнеден келе жатқан мәдени мұрасы – ұлттық аспаптарымен таныстыру. Сан түрлі заманнан мирас болып қалған ұлттық саз аспаптарының шығу тарихына шолу жасап, олардың шығуы туралы ел аузында сақталған кейбір аңыз-ертегілеріне мысалдар келтіреді. Бүгінгі таңда белгілі саз аспаптарының 40-тан аса түрінің жіктелуіне байланысты қолданысқа келуі мен жасалу технологиясы туралы мағлұмат бере отырып, кейбір аспапта ойнап үйрену әдістерінен мысалдар келтірілген.

*I тарау.*  
**ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ  
АСПАПТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА ШОЛУ**

Қазақтың біртуар тұлғасы Мұхтар Әуезов еліміздің музыка өнері жайында «Қалың қазақ елі тартқан сыбызғыдағы салқын саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі ішекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш ішекті тіліне оралған көп күйлердің ескі-жаңасы тегіс – тарих үшін елеулі бұйым», – деген екен. Расында да, қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі халқымыздың бітім-болмысы, тыныс-тіршілігі мен шежіре-тарихын айқындайтын бірегей мәдени мұрасы.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының шығу тарихы сонау ықылым замандардан ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи зерттеу-жазбаларынан бастау алады. Заман ағымына байланысты аспаптар өзгеріске ұшырап, бірде шарықтап, бірде ұмыт қалып жатты. Уақыт өте келе оның қайта жандануына Шоқан Уәлиханов, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, Өзбекәлі Жәнібек секілді өзге тағы басқа ұлт жанашырлары ықпал етсе, қазақтың тұңғыш аспаптанушы ғалымы Болат Сарыбаев үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Музыкалық аспаптар алғаш музыкалық аспап ретінде емес, тұрмыстық деңгейде қолданылған құрал, бұйым ретінде пайда болған. Бертін келе олар түрлеріне қарай бөлініп, *соқпалы-шулы, сылдырлы, үрлемелі, ыспалы, ішекті-шертпелі, көп ішекті, ұрмалы аспаптар* болып жіктелді. Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны анық. Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасап алады екен. Қазақтың көптеген музыкалық аспабы халық поэзиясында аталады. Батырлар жырларында үрлеп ойналатын және ұрып ойналатын аспаптардың аттары кездеседі. Еліміздің әр түрлі музейлерінің қорларында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы. Аспаптар негізінен мынадай мақсаттарға пайдаланылады: *дудыға, шың, мүйіз сырнай, керней, ұран, дабыл әскери жорықтарда дабыл қағу үшін; бұғышақ, дауылпаз, шыңдауыл* аңшылық кезінде. Ал металл сылдырмақтары бар *даңғыра мен қылқобызды және асатаяқты* көбінесе бақсылар өздерінің бақсылық ісінде қолданған; *сыбызғы, шертер, қос сырнай, қамыс сырнай* бақташылардың аспаптары болып саналады; *домбыра*, металл сылдырмақтары жоқ *қылқобыз, жетіген, кепшік, саз сырнай, үскірік, тастауық, қоңырау* және *шаңқобыз* халық таланттары ойнаған аспаптар.

**Домбыра.** Қағып, шертіп ойнайтын ішекті аспап. Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты домбыра аспабының бірнеше түрі

бар, олардың тек сырт пішіні ғана емес, ішек және перне саны да әр қилы болып келеді. XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды, осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екенін көрсетсе керек. Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан еді. Бұлар бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскен.

**Адырна** – көп ішекті, шертіп ойнайтын көне саз аспабы. Садақ тектес. Түркі халықтарына кеңінен танымал бұл аспап Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған. Шерту әдісі арфа аспабымен ұқсас.

**Сырнай** деп музыкалық аспаптардың бірнеше түрін атаған. Қамыс сырнай мен қос сырнай өзінің үніне және тембріне қарай қазақтың басқа да үрлеп тартылатын аспаптарынан өзгеше болып келеді. Бұл аспаптардың көлемі шағын болғанымен дауысы ашық болады.

Саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың тағы бір түрлері – саз сырнай, үскірік және тастауық. Бұл аспаптарды саздан жасап, кейін отқа күйдіреді. Олардың көлемі де, түрі де әр қилы болып келеді. Олардың сыртын көмкеріп ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтырлатқан. Мұндай аспаптардың бәрі де ысқырып ойналатын флейтаның тобына жатады.

**Үскірік** – халық үрлемелі музыка аспабы. Дауысы қыстың аязды күндері соғып тұратын үскірік салқынның ызындаған дыбысына келгендіктен ел арасында Үскірік деген атауға ие болған. Үскіріктің дыбыс бояуы саз-сырнайдың тембріне ұқсас. Халықтың аңыз-әңгімелерінде Үскіріктің тасбақаға, түйеге, құсқа ұқсайтын түрлері болғандығы айтылады. Оны көбіне балалар ойнаған әрі жеңіл әндерді орындауға пайдаланған. Қазақтың музыка аспаптары тарихын зерттеуші Б. Сарыбаевтың еңбегі нәтижесінде қайта туған Үскірік аспабы қазіргі уақытта «Отырар сазы», «Сазген», т.б. оркестрлер мен ансамбльдерде кеңінен пайдаланылады.

**Тастауық** аспабын да саздан жасаған. Саз сырнай мен үскіріктен тастауықтың түрі мүлде өзгеше, тауыққа немесе балапанға ұқсайды. Бұл аспаптардың бір-біріне ұқсастығы дыбысталу және ойнау тәсілдерінде. Тастауықтың өзгеше тембрі, ашық та, жағымды үні бар.

**Ұран** – үрлеп ойналатын музыкалық аспап. Оны жауынгерлер көп пайдаланған. Ұзындықтары әр түрлі екі түтіктің әрқайсысында үш-үштен тесігі бар. Түркі халықтарындағы үрмелі аспаптар ерте кезден келеді. Зерттеушілер үрмелі аспаптардың Орта Азия халықтарынан шыққандығын мәлімдейді. Ескі үрмелі аспаптардың ойнайтын саңылауы жоқ, олар тек хабар беру үшін ғана қолданылған.

**Жетіген** аспабы тұтас ағаштан ойылып жасалып, шанағы көн терімен қапталады. Күйге келтіру үшін тиек орнына асық қойылады. Жеті ішекті аспап жетіген деп аталады. Бұл аспаптың дауысы майда қоңыр, әрі әуезді. Онымен неше түрлі күйге келтіріп, мың құбылта ойнауға болады. Оның құрылысы бұған қолайлы. Қазақтың шертіп ойналатын өзге музыкалық аспаптарына қарағанда жетігенде тербеліске келетін ішектері тұтас шанақтың бетіне орналасқан.

**Шертер** – ежелгі шекті аспап. Шертер домбыра мен кобыздың арғы тегі саналатын ежелгі ішекті аспап. Оны шертіп те, ысқымен де ойнаған. Аспаптың көне үлгілерінде үстіңгі қақпағы болмаған. Кейін оның беті терімен қапталып, ішек орнына тарамыс тартылған. Шертер аспабы аңыз, ән, ертегілерді айтқанда қолданылған. Шертерде домбыра сияқты ойнайды. Шертердің көлемі домбырадан көп кіші, бірақ сыртқы түрі кобызды еске салады, оған жұмыр түр беріп, сыртын терімен қаптайды, аттың қылынан екі шек тартылады. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Ол бақташылар арасында кең тараған. Қазақтың көне музыкалық аспаптарының біріне жататын ол шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Шертер екі немесе үш ішекті болып келеді. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына, ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты. Пернесі болмайды, ішегіне ызған жылқы қылы тағылады. Ойнау тәсілі домбыраға жақын болғанымен, жасалуы жағынан қылқобызға көбірек ұқсайды. Бұл аспаптың өткен ғасырларда негізінен малшылар арасында кең тарағандығы жайлы халық аңыздарында айтылады.

**Қыл қобыз** шаман дінінен кейін шыққан. Қыл қобыз – тек ұлттық саз аспабы ғана емес, сонымен бірге тәңірге табынған ежелгі ата-бабаларымыздың қасиет тұтқан бір төтемі, ысқышпен ойналатын ішекті музыкалық аспап. Мойны имек келетін бұл аспап сол қол саусақтары тырнақтарының сыртын ішекке тигізу арқылы ойналады. Аспаптың шанағы терімен қапталып, ысқыштары мен ішектері жылқының қылынан жасалады. Көне заманнан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақтың ең ежелгі музыкалық аспаптарының бірі. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда қылқобыздың пайда болуы шамамен XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген Қорқыт есімімен тығыз байланысты. Қылқобыз аспабының күйге

келтіретін құлағына, шанағының ішкі тынысына дыбыс әсерлігін күшейту үшін темірден жасалған сылдырмақ теңгешелер, шығырықтар арқылы бекітіледі. Шанағының беті ашық келеді де, астыңғы жағы терімен қапталды. Мұндай қылқобызда көбіне бақсылар ойнап, күй сарынының әсерін күшейте түсу үшін әдейі темір теңгешелер тағатын болған.

Ұзақ уақыттар бойы қылқобыз аспабы шамандар мен бақсылардың аспабы болып саналады. Қазақ халқы бұл аспапты көп уақыттар бойы үйді қорғаушы ретінде пайдаланып, киіз үйдің есігіне іліп қоятын болған. А. Жұбанов айтқандай, «Ықылас Дүкенұлы бұл аспапты бейне бақсылардың қолынан жұлып алып» оны халықтың өзіне табыс етті. Революцияға дейін қылқобыз аспабында тек ер адамдар ойнаған, ал қазір қылқобызда әйел адамдар да шебер тарта біледі. Қариялардың сөзіне тоқталатын болсақ, Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ұлы ақын, болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған. Сонымен қатар Қорқыт атамыз күй шығарған, өз дәуірінің композиторы, әнші-күйші, қобызшы екенін білеміз. Сол күйлерінің көбі біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Мысалы, «Арыстан Баб», «Аққу», «Башпай», «Тарғыл-тана», «Елім-ай», «Қорқыт күйі», «Қоңыр», тағы да басқа осындай күйлері көп болған. Бұл қылқобыз аспабының ескі түрі.

**Қобыздың жетілдірілген түрі.** Ұлттық нақышта қалып қоймай, Европа мәдениетіне жету мақсатындағы еліктеушіліктің кесірінен қыл қобыздарды сым-қобыздар ысыра бастады. Осының нәтижесінде үш шекті, кейін келе төрт шекті қобыздар пайда болды. Бұның бәрі де қобыздың диапазонын кеңейту мен үнін жақсарту мақсатында және позициядан позицияға оңай көшуі үшін жасалды. Сексенінші жылдың орта шенінде прима-қобыздардың астыңғы бөлігінің тері қабатының орнына ағаш беттер тағыла бастады. Скрипкаға ұқсас қобыз аспабының бір ғана айырмашылығы скрипка иек астына тіреліп тартылатын болса, прима қобыз екі аяқтың ортасына қойылу арқылы тартылады. Беті терімен тартылған прима-қобыздың дауысы қою әрі жұмсақ шығып, адамның жүрек қылын тербейді.

**Ұрып ойнайтын аспаптар.** Әрбір ұрып ойнайтын аспаптың өзінше ерекшелігі болған. Бұл аспаптардың сыр-сипаты мен ерекшелігі олардың тембрлік және динамикалық дыбыстануына қарай айқындалады.

**Дабыл.** Халықтың ауыз әдебиетінде дабылды дабыл қағатын аспап ретінде айтқан. Дабылды жауынгерлер әдетте жауға қарсы шабуылға көтерілгенде немесе туған елге қайтып оралып келе жатып, ауылдың іргесіне таяп қалғанда қолданған. Дабыл дауысының ақырын, қатты болып келуіне қарай әр түрлі көлемде жасалған. Дабылдың өзге ұрып ойналатын аспаптардан айырмашылығы оның шеңберіне екі жағынан көн тері қапталды.



Ерге іліп қою үшін бүйіріне ағаш сап орнатылады немесе қайыс ілгешек тағылады.

**Даңғыра және кепшік** мембраналы топ аспаптары қатарына жатады. Дабылдан айырмашылығы кепшіктің бір жақ беті ғана көн терімен қапталған. Даңғараның ішкі қуысына түрлі формадағы шынжыр, сақина, пластинкалар ілінеді. Ал кепшіктің даңғырадан айырмашылығы кепшікте жаңағы айтқан әр қыйлы сылдырмақ болмайды. Бұл аспаптардың екеуінің де дауысы шаңқылдаған ащы.

**Шың** – ертеден келе жатқан қазақтың музыкалық аспабы. Бұл аспап даңғара, дауылпаз сияқты ұрмалы аспаптардың қатарына жатады. Аспапты көне заманда жаугершілік, әскери мақсатта пайдаланған. Шыңды соға отырып, әскербасылар сарбаздарға дыбыс берген. Сондай-ақ, аспапты құсбегілер жетік меңгерген. Олар аңшылық-саятшылық уақытында қыран құстарды аспапта ойнау арқылы шақырған.

**Дауылпаз** – қазақ халқының көнеден келе жатқан ұрмалы аспабы. Бұл аспап тұрмыста кеңінен пайдаланылған. Аңшылық пен саятшылық кезінде аң-құстарды, мал баққанда төрт түлікті үркіткен. Сондай-ақ, жаугершілік заманда дауылпазды қаға отырып, әскербасылар белгі беріп, сарбаздарды бір жерге шоғырландырған. Балгер-бақсылар аруақтармен тілдескенде және адамдарды емдеген кезде қолданған. «Қыз қуу», «қазақша күрес», «арқан тарту» сияқты ұлттық ойындар дауылпаз сүйемелдеуімен өткізілген. Дауылпаз аспабы үйеңкі, қайың, қарағай сияқты тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы малдың жұқа терісімен қапталады. Көп жағдайда сыртын қаптау үшін ешкі, түйе, сиыр терісін қолданған. Аспапта ойнау ыңғайлы болу үшін оған аспалы бау бекітіледі. Бауды иыққа асып алып, дабыл қағады. Дауылпаз көлемі әр түрлі болуы мүмкін. Кейде аспапта дабыл қағу үшін ағаш тоқпақ пайдаланылады. Бұл аспап өзге халықтарда да кездеседі. Дауылпаз аспабы оркестр мен ансамбльдерде көп қолданылады. Аспап арқылы тұлпарлардың дүбірін, табиғат құбылысын, адам баласының қуану, шаттану сезімдерін көрсетуге болады.

**Асатаяқ** – ертеден келе жатқан сілкімелі аспап. Қазақ халқында ұлттық билерді сүйемелдеу үшін қолданылған. Қазақта қоңырау, сақпан, тұяқтас, шартылдақ сияқты сілкіп ойнайтын аспаптар да бар. Асатаяқ – шу шығаратын музыкалық аспап. Бақсылар оны даңғыра және қылқобызбен қоса қолданған. Асатаяқтың темір масағы бар. Жалпақ басы екі жағынан шебер өрнектеліп, әдемі әшекейленген. Оған металл сылдырмақ ілінген. Асатаяқтың қуыс басының ішіне бір уыс бұршақ тастап, сыртынан көн терімен қаптауға болады.



**Қоңырау** – бұрын халық өнерпаздары көп қолданған музыкалық аспап. Ол халық әндері мен күйлерін сүйемелдеу үшін қолданылған. Домбырашылар мен қылқобызшылар қоңырауды аспаптың басына, мойнына немесе шамақтың ішіне іліп қоятын болған. Керек кезінде музыкант аспапты сілкіп қалса болды қоңырау сыңғыр қағып қоя береді. Бақсылар қоңырауды асатаяқ пен қылқобыздың басына ілген.

**Шартылдауық** немесе **Зырылдауық** қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі. Ертеде бұл аспапты малшылар мен бақташылар мал қайыру үшін қолданатын болған. Кейін зырылдауықтың “сақпан”, “шартылдауық”, “зымырауық” деген түрлері музыкалық аспаптарға айналды. Қазіргі кезде бұл аспаптар “Сазген”, “Адырна” көне аспаптар ансамбльдері мен әйгілі “Отырар сазы” оркестрінде қолданылып жүр. Зырылдауық аспабының жасалу әдісі күрделі болғанымен, ойнау тәсілі өте қарапайым. Ол музыкалық шығармаларда кездесетін оқыс дыбыстарды ойнау үшін қолданылады. Қазақ халық музыкалық аспаптары музейінде зырылдауықтың бірнеше үлгісі сақталуда. Олар белгілі шебер Дәркембай Шоқпарұлының шеберханасында қалпына келтірілген.

## *II тарау.* **ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ**

Еліміздің әр түрлі музейлерінің қорларында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы. Аспаптар негізінен мынадай мақсаттарға пайдаланылады: *дудыға, шың, мүйіз сырнай, керней, ұран, дабыл әскери жорықтарда дабыл қағу үшін; бұғышақ, дауылпаз, шыңдауыл* аңшылық кезінде. Ал металл сылдырмақтары бар *даңғыра мен қылқобызды және асатаяқты* көбінесе бақсылар өздерінің бақсылық ісінде қолданған; *сыбызғы, шертер, қос сырнай, қамыс сырнай* бақташылардың аспаптары болып саналады; *домбыра*, металл сылдырмақтары жоқ *қылқобыз, жетіген, кепшік, саз сырнай, үскірік, тастауық, қоңырау және шаңқобыз* халық таланттары ойнаған аспаптар.


**Домбыра.** Қағып, шертіп ойнайтын ішекті аспап. Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты домбыра аспабының бірнеше түрі бар. Олардың тек сырт пішіні ғана емес, ішек және перне саны да әр қилы болып келеді.



*Адырна – көп ішекті, шертіп ойнайтын көне саз аспабы.*




*Қамыс сырнай – қазақтың үрлеп ойналатын аспабы.*



*Саз сырнай – үрлеп тартылатын аспап.*



*Үскірік аспабы.*



*Шартылдауық немесе Зырылдауық аспабы.*



*Тастауық аспабы.*



*Мүйіз сырнай аспабы.*






*Сыбызгы аспабы.*




*Жетіген аспабы.*



*Тілшелі шаңқобыз аспабы.*



*Ұран аспабы.*



*Шертер аспабы.*



*Қыл қобыз аспабы.*



*Прима-қобыз аспабы.*



*Нар қобыз аспабы.*





*Дабыл аспабы.*



*Кетпик аспабы.*



*Шың аспабы.*



*Дауылтаз аспабы.*



*Қоңырау аспабы.*



*Асатаяқ аспабы.*

### *III тарау.*

## **АСПАПТАРДЫ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Республикамызда музыкалық аспаптарды жетілдіру жөніндегі тұрақты жұмыс 1932 жылдан басталды. Алматыда арнайы музыка шеберханасы ұйымдастырылды. Алғашқы музыка шеберлері ағайынды Борис және Имануил Романенко, Қамар Қасымовтар болды. Кейінірек Арыстан Ермаков қосылды. Қазақтың ұлт-аспаптар оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы академик Ахмет Жұбановтың музыка шеберлерімен бірлесе отырып домбыра, қылқобыз түрлерін жасау, сыбызғы мен дауылпазды жетілдіру жөнінде көптеген проблемалық мәселелерді шешуіне тура келді. Қобыз тобына ішегі жылқы қылынан тағылған екі ішекті көне қылқобыз негізгі аспап саналады. Қобыздар тұтас ағаштан жасалды, шанақтың бет жағының жоғарғы бөлігі ағаш қақпақпен жабылмайтын, ал төменгі бөлігіне көн тері қапталатын. 1956 жылы төрт ішекті қобыз жасау ісі қолға алынды.

1957 жылы халық аспаптарын қайта жандандырып, жетілдірудің екінші кезеңі жүзеге асырылды. Ш. Қажығалиевтың нобайлары мен сызбалары бойынша сырнай, дауылпаз сияқты аспаптар қайта жасалып, дыбыстандырылды. 1960-70 жылдары белгілі аспап зерттеуші профессор Сарыбаев, қазақтың көне мұрасының білгірлері Қасиманов, Хаймолдин тағы басқалар халық аспаптарын зерттеу, жетілдіру және насихаттау ісінде белсенділік көрсетті.

Шертерде ойнаушы Өтепберген Хамзин және үш ішекті домбырада ойнаушы Жарқын Шәкәрімовтар саз аспаптарының түрлерін жетілдіруде көп еңбек сіңірді. Жоғарыда айтылғандай, көне аспаптарды қолға түскен нұсқасына сай және аздап жетілдіріп жасау, ойнау дәстүрін игеру және ансамбльге қосу сияқты, аса күрделі жұмыстар бір-бірімен ұштастырыла жүргізілді. Қазақ халқының музыка мәдениетінің даму тарихы өзгеше. Музыка аспаптарының әр түрлілігі де соның бір айғағы. Ұмыт болған аспаптарды қайта өңдеу және оларды жетілдіре түсу, аспаптарды дамыту сондай-ақ осы аспаптарға байланысты ұлттық өнерімізді тұрмысымызға кеңінен енгізу жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. Уақыт шаңына көміліп ұмыт қалған қазақтың көне аспаптарында ойнау тәсілдерін қайта өрбітіп, қалпына келтіру мәселелерінің шешу жолдары қарастырылды. Қазақ ұлт-аспаптары оркестрі Қазақстан әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен 1949 жылы және 1958 жылыдағы он күндігінде қазақ халқының атын шығарды, мерейін үстем қылды. «Осы сапарда, - деп еске алады А. Жұбанов 1949 жылы өткен онкүндік туралы, оркестр бірінші рет ұлы М. Глинканың «Фантазия вальсін» орындады. 1950-жылдардың аяқ шенінде оркестр аспаптарында жаңалық болды. Бас дирижер Шамғон Қажығалиевтің бастамасы оркестрге төрт ішекті қобыз, сым ішекті домбыралар, біржақ тілді сырнайлар арқы-

лы жаңартылды. Бұл жаңартулар оркестрдің дыбыс бояуын байытып, жаңа орындаушылық мүмкіншілік туғызды. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі қазақ халық музыкасына үлкен үлес қосты.

Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасап алады екен. Қазақтың көптеген музыкалық аспабы халық поэзиясында аталады. Батырлар жырларында үрлеп ойналатын және ұрып ойналатын аспаптардың аттары кездеседі. Еліміздің әр түрлі музейлерінің қорларында 400-ден астам көне музыкалық аспаптары сақтаулы. Аспаптар негізінен мынадай мақсаттарға пайдаланылады: *дудыға, шың, мүйіз сырнай, керней, ұран, дабыл* әскери жорықтарда дабыл қағу үшін; *бұғышақ, дауылпаз, шыңдауыл* аңшылық кезінде. Ал металл сылдырмақтары бар *даңғыра мен қылқобызды* және *аса таяқты* көбінесе бақсылар өздерінің бақсылық ісінде қолданған; *сыбызғы, шертер, қос сырнай, қамыс сырнай* бақташылардың аспаптары болып саналады; *домбыра*, металл сылдырмақтары жоқ *қылқобыз, жетіген, кепшік, саз сырнай, үскірік, тастауық, қоңырау* және *шаңқобыз* халық таланттары ойнаған аспаптар.

### ***Домбыра жасау процесі.***

Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты домбыра аспабының бірнеше түрі бар, олардың тек сырт пішіні ғана емес, ішек және перне саны да әр қилы болып келеді. Қолданбалы өнер асығысты қажет етпейді, сондықтан да домбыраны жасау және жинау бір күндік жұмыс емес. Ағаш таңдаудан бастау керек – дәстүр бойынша шеберлер қатты тұқымды ағаштарды пайдаланады, біздің жағдайымызда – бұл үйеңкі мен қарағай.

Алдымен өңделмеген салмақты ұшы бар үш қабатты ағаш кесегін – домбыра мойнын, шебер қыспаққа алады, ағаш зақымдалмайтындай етіп мықтылап бекітеді. Жоғарғы бетін түзету үшін жоңғылап өтеді. Ағашқа қорғаныс жасалғаннан кейін кесек бойымен белгі қойылады. Картон үлгісі мойнының негіздемесіне қойылып, тура салынады. Бас жағының артық бөліктері пышақпен қайралады да басының шет жағынан жартылай дөңгелек белгісі ойылады. Басының негіздемесі аздап арамен кесіледі, сосын қашаумен артық ағаштары алынады. Ағаштың артық бір миллиметрі музыкалық аспаптың келесі құрастыруын қиындатып жіберуі мүмкін. Бірнеше сағат жұмыстың нәтижесінде – бас жағы өзінің түзу жартылай дөңгелек пішініне келеді. Шебер музыкалық жартылай дайын өнім мықты резеңке матаға үлгіленеді. Бұл үлгі музыкалық деканы тура боямалап тұрады. Желектерді немесе домбыра корпусының шегелеулерін шақтауға кіріседі. Олар сол қатты ағаштан кесіледі, арнайы жылытқыда ұқсас бүгілістер жасалады, ол 300 градус Цельсийге дейін қыздырылып тұруы тиіс. Домбыра корпусындағы желектер мен шегелеулердің саны 9-дан 21-ге дейін болуы керек.



Барлығы да шебердің музыкалық аспапты ойлаған пішініне және корпусының сыртқы келбетіне байланысты. Әрбір желек мойны мен деканың үлгісіне мұқият шақталады. Қосынды мінсіз түзу, саңылау мен тесіксіз келу керек.

Желімдеу келесі бағытта дека үлгісінің ортасында шебер жартылай дөңгелек жасалады. Бұл бәрі емес – желектерді корпусының негіздемесіне тұрақтандыру керек. Ол үшін мойнының түбі үшін ағаштан қосымша жартылай дөңгелек қайрақ кеседі. Әрбір шегелеу нөмірленеді және алма кезек үлгіге орнатылады. Берік қосынды ПВА желімімен жасалады. Әрбір шегелеудің барлық қырына жағады. Үлгіге жақын тұрған тек шеткі желектерге ғана жағылмайды. Олар құрғақ күйінде қалады, өйткені үлгі дайын өнімге жабысып қалмау керек. Домбыра корпусы біртіндеп ұқыпты кесілген желектерге толады, ол мойнымен екі жерден қосылады – бас жағынан, сондай-ақ, корпус түбінен. Желектерді жабыстыру жұмысы аяқталысымен шебер жаңадан жапсырылған корпусы ширатылған матамен байлап 60 минутқа қалдырады. Осылайша мықты желім корпусының бөлшектерін бір-біріне берік жапсырады.

Шебер келесі кезекте мойнының басын дайындайды. Алдымен үлгіге сәйкес ағаш кесегіне сурет салады, сосын пышақпен артық жерлерін кесіп тастайды. Содан кейін қатты қайралған пышақпен басына тура пішін беріп, дайын өнімді мойнының ұшына қояды. Қажетті белгілерді жасап ол мойнының түбінің жоғарғы бетін өткір жоңғымен қайрайды. Нәтижесінде, өзінше көлбеу шығады. Оны сол желіммен жапсырады. Осы жерге желім жағылған ұқыпты кесілген басы орнатылады. Алайда осы екі бөлшектің арасында міндетті түрде қажетті пішінде кесілген кілтек қойылады – ағаштың жұқа қабатынан жасалған сүргіленген төсем ағаштың түрлі қабаттарын берік жалғау үшін қолданылады. Бөлшектер жалғанғаннан кейін оларды ширатылған матамен байланыстыру керек. Сонда ғана осы бөлшектердің берік жалғанғанына күмән келмейді.

Осы уақыт ішінде кепкен корпус арнайы бекіткіштермен бекітіледі. Олар шыршаның қатты түрінен жасалған және желектер сияқты жылытқылардың көмегімен қажетті бүгілістерге ие болады. Олар корпусқа ішкі жағынан орнатылады, ағаш қысқыштармен бірінші және соңғы шегелеуге ілінеді. Осы уақытта кепкен басы кезекті өңдеуге алынады. Алдымен шебер жоғарғы жағынан қарапайым қашаумен артық ағаштарды сырып алады. Содан соң басы мойнымен бір деңгейге түскенде басы тура шақталады. Енді кезек жоңғылауда. Қуатты құралмен басы мойнының деңгейіне дейін қайралады. Жұмыс өте тамаша орындалуы керек. Домбырашы дека, мойны мен басы – біркелкі төсем екеніне сенімді болуы тиіс.

Енді корпусының жоғарғы бетін түзету керек. Бұл келесі кезеңде дека негізгі құрастырылымға тура орнатылуы үшін жасалады. Осы жұмыс өте

кішкене жоңғының арқасында іске асады. Оның көмегімен шебер домбыра бетін декамен қорғап түзу беткейге қойып нәтижесін салыстырады.

Келесі жасалатын жұмыс – мойнын жасауды жалғастыру. Бұл кезеңде жартылай дайын мойнына тағы бір ағаш кесегі жапсырылады. Ол алдын ала қажетті пішінге келтіріліп, жартылай дайын мойнының негізгі бөлігімен қосылады, ол үшін ПВА желімін қолдану керек. Содан соң ширатылған матамен берік байланып 60 минуттық кептірілуге қойылады.

Енді деканы дайындауға көшсек болады. Деканы домбыра үшін дайындау – өте тиянақты процесс. Тіпті бір миллиметрлік қате жағымсыз салдарларға әкеліп, аспаптың үніне әсер етеді. Бұл жұмыста нақтылық пен шыдамдылық – шеберге өте қажетті қасиеттер. Деканың сыртқы келбеті өте қарапайым келеді – алмұрт тәріздес пішіндегі ағаш. Шынына келсек, бұл өзінің құрылымы бойынша өте ауыр бөлшек. Оның пішіні, қалыңдығы, көптеген басқа да параметрлері аспаптың дыбысына әсер етеді. Сондықтан осы бөлшек жөнмен, ойдағыдай жасауды қажет етеді. Деканың құрылымы өте қиын. Ортасындағы ағаш төсемі кішкене толықтау келеді, одан кейін жұқа ағаштан жасалған дөңгелек, сосын қалыңырақ ағаштан қабатша жасалады. Бұл төмпешікті оңай көру қиын, алайда процесстің осы жері – домбыраны жасауда маңызды істердің бірі. Соның арқасында аспаптың дыбысы шығып, домбыраға қажетті тембр мен жаңғырық береді. Шебер деканы арасында тарсылдатып ұрып қойып, оған жүйелі түрде қажетті көрініс жасайды. Егер оның жаттығып қалған есту қабілеті деканың дайын емес екенін айтса, жұмыс әрі қарай жалғасады. Дека толығымен дайын болғанша осылай жалғаса береді. Келесі жұмыс корпустың ішіне дайындалған күні және өндірушінің аты-жөні көрсетілген бирка жапсыру, ал одан кейін деканы құруды бастауға болады. Ол негізгі корпусқа екі жіңішке шеге мен желімнің көмегімен бекітіледі. Егер музыкалық аспаптың беті тегіс болып шықса, енді мойнын жонып, оны жіңішке де әсем ету керек. Домбырашының қолына құйылып қойғанда болу үшін домбыраның барлық сызықтары, жатық және сүйір болуы керек. Келесі кезеңде шебер декаға ұлттық оюлардың пішінін салады, ал одан кейін пышақпен өрнектер ойып, осы символдарға сәйкес етіп кілтектен өрнек жасайды да, оны корпусқа жапсырады. Енді тегіс декамен үйлесіп, аспапқа жақсы жату үшін оларды күйдіру керек. Азғана жұмыс қалды – аспапты өте тегіс жағдайға жеткенше тазарту, ал одан кейін оның бетіне бірнеше қабат арнайы лак жағу. Бұл қоспа домбыраға тереңірек ағаш түсін береді. Жұмыстың соңғы кезеңінде шебер декада егеумен дыбыс резонансына арналған тетік жасап, басы бар мойынға барынша орап екі ішек кигізеді.

Енді бұл домбыра өзінің ең басты бағыты – қайталанбас үнімен барлығының назарын жаулап алу.

### *Қобыз жасау процесі.*

Ежелгі көшпенділер ата-бабалардың әруағымен байланысып, адамдарды ауруынан айықтыратын бақсыларға аса зор құрметпен қараған. Мұндай бақсылардың ерекше белгісі – сазды керілген қылмен ойналатын ішекті аспап қобыз болған. Аңыз бойынша, алғашқы қобызды ақындардың жебеушісі Қорқыт-ата жасап шығарған. Адамдардың жанын күнәдан тазартып, ен даланы бейбітшілікке толтыру үшін, ол ағаштың бүтін бөлігінен алғашқы қобызды кесіп шығарып, жер бетіндегі әрбір адам естіген сиқырлы әуен орындайды. Содан бері көптеген ғасыр өтті, қобыздың түрі де өзгерді. Алайда, ол әлі күнге дейін түрік мәдениетінің маңызды сазды аспабы болып қала береді.

Қобыз жасау үшін жарамды материал болып шырша, үйеңкі және қайың ағаштары болып табылады. Бүгін шебер қайыңды таңдап алды – мұндай ағаш оңай өңделеді. Қобызды жасау процесі жапсырғаннан кейін ағаштың бүтін бөлшегі секілді болып көрінетін, дайындық жасаудан басталады. Ағаштың үш діңгегін шебер сүргімен өңдейді, тегіс емес жерін, сынықтарын, қабыршақтарын алып тастайды. 80 сантиметрлік ең ұзын діңгек, қобыздың денесінің негізі болады. Алғашқы тегістеуден кейін шебер ағаштың бөліктерін ПВА желімімен жапсырып, оларды бұраумен қатты тартып тастайды да, бөлме температурасындағы бес сағаттық кептіруге жібереді. Осы уақыттың ішінде діңгектер өте жақсы жабысып, біртұтас болуы тиіс.

Дайындалған нәрсе кеуіп, желім материалды өте жақсы жапсырысымен, шебер тегістеудің екінші кезеңіне көшеді. Ол ағаш жартылай фабрикатты сүргілеп, діңгектің толқынды бетін тегістей түседі. Содан кейін іске жоңғы кіріседі. Бұл аспаптың көмегімен оны мұқият тазалап, бетінің барлық жағын тегістейді. Келесі кезеңде шебер діңгекке қобыздың қатырма қағаздан жасалған қалыпын қойып, аспаптың пішінін түсіреді де, одан кейін балтамен оның артық бөлшектерін шауып тастайды. Ыңғайсыз бір қимыл жасалса болғаны, жұмыстың барлығы бүлінді деуге болады, бірақ шебердің кәсібилігі мен шыдамдылығы бұл жұмысты форс-мажорсыз өткізуге көмектеседі. Келесі кезеңде аспаптың денесінен ағаштың артықтарын алып тастау керек, алайда енді бұл жұмыс асқан дәлдікпен жасалуы тиіс, сондықтан да іске өте жақсы ұшталған қашау кіріседі. Содан кейін бастың негізінде, яғни ағашты қалыңдау алу керек. Ол жер арамен кесіледі.

Арамен кесуді қобыздың денесінен ағаштың қалың қабаттарын жылдам және қиындықсыз алып тастау үшін жасайды. Ағашпен жұмыс істеу кезінде материалды да, болашақ аспапты да сезіну керек. Бір ғана дәл жасалмаған қимыл қобыздың мінсіз формасына да, аспаптың дыбысына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Шебер қолдарда тұрса ғана жақсы ұшталған қашау өз жұмысын өте жақсы атқарады. Технологиялық қулық – жұмысты жеңілдету үшін шебер оны қысқышқа ұстатуға оңай болуы үшін, аспаптың денесінде

дөңес жер қалдырады. Шебер қобыздың қалыпын алып, бұл жолы аспаптың қаптал жағын сыза бастайды. Керекті белгілер салынысымен, денеден ағашты жете кесу процесі басталады, сөйтіп қобыз өзінің алғашқы бейнесін ала бастайды. Сүргімен музыкалық жартылай фабрикат көз алдымызда әсем келбетін алып, оның алғашқы майысқан жерлерінен қобыздың формасын тануға болады. Жұмыс ағаш сызығы мен мойын негізінің арасындағы ашық жер 3 сантиметрге жеткенше жүреді. Мүмкін дәлсіздік – 1 немесе 1,5 миллиметр. Бұл көрсеткіш аспаптың дыбысына әсер етеді, сондықтан да бұл кезеңдегі дәлдік – технологияның өте қажет шарты. Шебер аспап денесінде тағы да қапталдық белгілер салып, балтамен артық жерлерін шаба бастайды, сөйтіп қобыздың артқы бөлігіндегі бұрыштарды кеседі. Жұмыс аспап денесінің сыртқы жағы дөңгеленгенше жалғаса береді – ширақ қимылмен маман оның бұрыштарын жоғалта бастайды. Бұл кезеңде шебер үш аспапты кезек-кезек қолданады: жоңғы, кішкене жоңғы және қашау. Қобыздың денесін бұрыштары жұмсарғанша өңдей береді. Нәтижесінде, аспап өте жұмсақ, ал бұрыштары дөңгелене түседі. Шебердің келесі жұмысы – аспаптың бас жағына форма беру. Қобыздың бас жағы жартылай дөңгелек форма ала бастайды. Бұл технологиялық процесс аспаптың дыбысымен бекітілген. Бас жағының артын шебер аралап, ағаштарын алып тастайды, грифке ішекті тартуға дайындау мақсатында.

Процестің келесі кезеңі – қобыз жасаудағы негізгісі болып табылады. Шебер аспаптың әлі де бүтін денесіне белгілер салады, содан кейін сол сызықтың бойымен қобыздың дыбысын шығаратын қуыс оя бастайды. Оны қашаудың көмегімен жасайды, алғаш қарағанға оңай көрінуі мүмкін. Алайда, ағашты игеру өте қиын жұмыс, бұл жерде шеберлік пен тәжірибе қажет. Бірнеше сағаттық ауыр жұмыстан кейін қобыз денесіндегі қуыс та дайын бола бастайды. Қабырғаларының қалыңдығы 5-тен 8 миллиметрге дейін баруы мүмкін – әрине барлығы да қобыздың өлшеміне және болашақ музыкалық аспаптың дыбыс тембріне байланысты. Келесі кезең – басын үшкірлеу. Алдымен шебер қысқышқа қысатын жерді денесінен алып тастайды – бас жағы біртұтас және тегіс болады. Әрі қарай бояу қалады. Бояр алдында аспаптың денесі егеуқұм қағазымен түгелімен тегістеледі. Тегістелгеннен кейін, бояуға кірісе беруге болады. Бұл жерде шебер анилинді қолданады – қобызға қою қызыл түс беретін майлы сұйықтық. Реңін өзгерту үшін суды қолданады – белгілі бір өлшемде анилин мен су түсті өзгертуге мүмкіндік береді. Сондықтан да, егер барлығын дұрыс есептесе, өте қою қошқыл түс немесе керісінше ашық түс шығаруға болады. Сонда ағаштың бай текстурасы көзге жақсы көрінетін болады. Анилин аспапқа бірнеше қабатта жағылады. Мұнда да барлығы шеберлік қиялына байланысты – өнімге анилинді көбірек жаққан сайын, оның түсі де жарқын бола түседі. Бояудан кейін жартылай дайын қобызды жақсылап кептіреді – барлық процесс 4 сағаттан көп

уақыт алмайды. Келесі кезеңде шебер аспапты матаның бөлігімен ысқылай бастайды. Бұл драп немесе шұға болуы мүмкін. Ысқылаудан кейін денесінің барлық жері түгелімен тегістеледі, ал өнім бір түсті болады. Тегістеу жұмысы аяқталған соң, қобызды лактау жұмысы басталады. Процесс нитролактың көмегімен жасалады, ол тез кебетіндігімен әйгілі. Лак қобыздың денесіне тампонның көмегімен жағылады, ол кәдуілгі медициналық бинттен жасалған болуы мүмкін. Тампон жетпейтін жерге, шебер кішкентай жаққыш қолданады.

Процестің келесі қадамы – тағы бір тегістеу, бұл жолы ұсақ егеуқұммен. Содан кейін шебер қобызға нитролактың тағы бірнеше қабатын жағады, ал содан соң денесін терімен қаптауға кіріседі. Қобыз енді шыға бастағанда біздің ата бабаларымыз түйенің терісін пайдаланған, алайда біздің кезімізде ешкінің терісі сенімді және жақсы материал ретінде көрсете білді. Ешкінің терісі құрғақ жерде қолданылатындықтан ол өте қатты болады. Шебер оны суға салып жібітіп, құрғатып сүртіп, содан кейін барып арнайы қалыппен керекті пішінді сала бастайды. Бұл материалдың қалыңдығы аспаптың үлкендігіне байланысты – қобыз үлкен болған сайын терінің қалыңдығы да көп болуы тиіс.

Келесі кезеңде шебер аспап денесінің бүйірінде тарту мақсатында тесіктер жасайды да, ортасынан тағы біреуін жасап, теріні денесіне тартып тұрып, арнайы желіммен оны ұстатып қояды. Процестің аяқталуына дейін аз ғана жұмыс қалды. Енді бас жағында ішекті тартуға ұстатқыш ою керек. Қобыздың ішектерін жасау үшін жылқының тіп-тіке қылдары пайдаланылады. Шебер олардың әрқайсысын санап алады – әрбір ішекте 90 қылда кем болмауы керек. Бірақ, денесінің төменгі жағында олардың саны 65-тен 70-ке дейін төмендейді. Бұл нюанс аспаптың дыбысымен түсіндіріледі. Ішектер жасалып болғаннан кейін оларды кішкентай ұстатқыштарға желімдеп қояды, ал одан кейін барып басына орната беруге болады. Шебер ішекті барынша қатты тартып, олардың байланатын жерлеріне канифоль жағады, ішектер бір-біріне жабысып тұруы керек. Олай болмаса қобыздың дыбысы дұрыс болмайды. Мінекей, ежелгі қазақ көшпенділерінің сазды аспабы, өте қиын жасау процесінен өтіп, дайын болады, енді оның дыбысын тексеру ғана қалды.

XX ғасырдың ғалымдары қобыздың жер бетіндегі ең ежелгі ішекті сазды аспап екенін дәлелдеді. Оның майысқан формасы, тіпті 100-деген жылдар өтсе де ежелгі аңшылық садақтың формасына ұқсайды. Оны скрипка немесе контрабас секілді қазіргі заманғы аспаптардан да кездестіруге болады. Ал қобыздың сиқырлы, қайталанбас үнін бағалайтындар музыка жанкүйерлерінің арасынан көптеп кездесіп жатады. Қазіргі заманғы өңдеудегі ежелгі музыкалық аспаптардың әуені – бұл соңғы жылдары өте танымал бола бастаған жаңа леп.



### *Жетіген аспабын жасау процесі.*

Ағашты тазалау жұмысы мұқият әрі барынша нәзік түрде жүргізіледі. Өйткені бұл саз аспабы табиғилықты талап етеді. Жетіген жасау кәдімгідей ұзақ уақытқа созылады, бұл шеберге тән шыдамдылықтың жемісі. Жетіген – ішекті аспаптар тобына жатады, құрылымы күрделі, қайбір жері қалпынан сәл ғана ауса, әуелгі әуенінен айырылып қалады. Сондықтан оны жасау шын шебердің еншісіндегі шынайы борыш. Жетіген жасаудағы ең жауапты һәм соңғы жұмыс – ішегін тағып, тиісті жерге тиегін қойып, құлағын бекіту. Егер осы аталған бөліктері өз орындарына дұрыс орналастырылмаса, ойлағаныңыздың оңды іске асуы неғайбыл. Жетіген жайлы жұртқа таныс ескі аңыз өткен заманнан сыр шертеді. Бір қарияның жеті ұлы іркес-тіркес өмірден озады. Қайғы басқан қария кепкен қу ағашты ойып, аспап жасайды, әр баласы қайтыс болған сайын аспаптың бетіне жылқы қылынан бір ішек тағып сазды мұңға толы жоқтау әнін салады, әр ішек бір баласының болмысын бейнелеп, елге тараған деседі. Алмағайып заманда арамыздан алыстаған аспапты қайта оралтқан зерттеуші-ғалым Болат Сарыбаев. Ал оның алғашқы нұсқасын 1966-жылы белгілі шебер Оразғазы Бейсенбекұлы жасап шықты. Шебер 1817 жылы «Сибирский вестник» журналында жазылған анықтамаға негізделген. Жетіген туралы деректер XVIII ғасырда қазақ даласын аралаған саяхатшы-этнографтар Лепехин, Паллас, Георги және Рычковтың жазбаларынан кездеседі. Зерттеушілердің барлық еңбектерінде жеті ішекті көне аспап жетіген жайлы баяндалады, алайда әрбірі оны өзінше атайды, мәселен, бірі «етиге» десе, екіншісі «етиган», тағы бірі «джатыган» дейді, дегенмен бәрінің ортақ түбірі бір екенін байқаймыз. Түркі тілдес халықтардың көбіне ортақ, жеке атауға ие аспаптың ұлтымызға тән өзгеше сипаты мен қасиеті бар. Кейбір зерттеушілер жетігенді өз кезінде сыйлы қонақты қарсы алу сәтінде қолданған деседі. Бұл үрдіс бүгінде елімізде белең ала бастады. Жетіген қазақ елінде өткен ғасырдың соңғы ширегінен бері насихатталып келеді.

**Адырна.** Әуелде адырна садақ пішінді болды. Кейін бұл аспапты бұғы, марал, арқар тұрпатты аңдардың тұлғасына ұқсастырып жасады. Әуелі ағаштан құрап шанақ, мүйіз жасалынып, шанақта асты-үсті терімен қапалады. Мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішектер байланады.

Саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың тағы бір түрлері – саз сырнай, үскірік және тастауық. Бұл аспаптарды саздан жасап, кейін отқа күйдіреді. Олардың сыртын көмкеріп ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтыратады. Саз сырнай жасау үшін - қоймалжың балшықты арнайы жасалған қалыптың сыртынан қаптап, қатырып, екіге бөліп алып, ол бөліктерді қайта біріктіреді де, кепкеннен соң ойықтар ояды. Үрлеуге арналған ойық екі еріннің аралығынан оң жақтан келетіндей етіп және орта тұстан сәл солға қарай қыйыстап ойылады. Үскірік жасау үшін арнайы саздан

үшбұрышты етіп екі жапырақша жасап, оларды кептірмей арасынан қуыс қалдырып екеуін бір-біріне қосады. Үстіңгі жағындағы бұрыштың оң жағынан үрлейтін ойық теседі. Екінші бұрышының екі жағынан екі ойық тесіп шығарады. Кепкеннен кейін дыбыстың тазалығын келтіреді.

**Тастауық** аспабын да саздан жасаған. Саз сырнай мен үскіріктен тастауықтың түрі мүлде өзгеше, тауыққа немесе балапанға ұқсайды.

**Мүйіз сырнай** – ескі үрмелі мүйізді аспап. Ол үш тесікті мүйізден жасалады.

**Сыбызғы** қурайдан, ағаштан, мыстан, кейде жезден жасалатын көне үрлемелі музыкалық аспап. Шыбықтан немесе басқа да сондай ағаштан жасалады. Үш жағынан сәндік үшін, терінің жұп-жұқа қыртысымен керілген жіңішке арқан жіп байланады. Түтіктің іші жақсылап ойылып, шеберлікпен өңделеді. Дыбыс шығаратын тесік үшеу ғана, ойнаған кезде саусақтың ұшымен ашылып-жабылады. Сыбызғыны қурай мен ағаштан жасаумен бірге темірден де жасаған. Аспапты бір жағы ұзына бойына қуыс болып келетін екі ағашты беттестіріп жасалған қорап ішіне сақтайтын болған.

**Ұран** – үрлеп ойналатын музыкалық аспап. Ұзындықтары әр түрлі екі түтіктің әрқайсысында үш-үштен тесігі бар. Ескі үрмелі аспаптардың ойнайтын саңылауы жоқ, олар тек хабар беру үшін ғана қолданылған.

**Тілшелі шаңқобыз.** Оның ортасында сүйір тілшесі болады. Шаңқобыз тек металдан ғана жасалмаған, жұқа ағаш тақтайшадан жасалған, ішінде жіңішке тілшесі бар шаңқобыздар да болған. Ол екі жақ ұшы сүйірленген, ортасында жіңішке тілі бар лираға ұқсайды. Тілшенің ұшы тік бұрыштала иілген, ол тілшені шалып тербеліске келтіруге арналған. Тілшенің екінші ұшы жиекке бекітілген. Тілшенің тербелуіне ештеңе бөгет жасамауға тиіс. Ойнау кезінде ауыздың екі ұрты резонатор қызметін атқарып, дыбысты күшейтеді. Аспапты ойнағанда сол қолдың бас бармағы, сұқ саусақ пен ортаңғы саусағы аспапты ұстап тұрады. Қалған екі саусақ жартылай бүгіледі де ортаңғы саусаққа тақалады.

**Шертер** – ежелгі шекті аспап. Аспаптың көне үлгілерінде үстіңгі қақпағы болмаған. Кейін оның беті терімен қапталып, ішек орнына тарамыс тартылған. Шертердің көлемі домбырадан көп кіші, бірақ сыртқы түрі қобызды еске салады, оған жұмыр түр беріп, сыртын терімен қаптайды, аттың қылынан екі шек тартылады. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Шертер екі немесе үш ішекті болып келеді. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына, ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты. Пернесі болмайды, ішегіне ызған жылқы қылы тағылады.



**Дабыл** – қазақ арасында көп тараған, дыбысы күшті, сылдырмақты, соғып ойнайтын музыкалық аспап. Дабылдың өзге ұрып ойналатын аспаптардан айырмашылығы оның шеңберіне екі жағынан көн тері қапталады. Ерге іліп қою үшін бүйіріне ағаш сап орнатылады немесе қайыс ілгешек тағылады Шанағының екі жақ беті терімен бірдей қапталады.

**Даңғыра және кепшік** мембраналы топ аспаптары қатарына жатады. Дабылдан айырмашылығы кепшіктің бір жақ беті ғана көн терімен қапталған. Даңғараның ішкі қуысына түрлі формадағы шынжыр, сақина, пластинкалар ілінеді. Ал кепшіктің даңғырадан айырмашылығы кепшікте жаңағы айтқан әр қилы сылдырмақ болмайды.

**Шың** – ертеден келе жатқан қазақтың музыкалық аспабы. Дыбыстың шығу қашықтығына байланысты аспап әртүрлі көлемде болады. Ең үлкен диаметрі 40-50 см., кішісі 10-15 см. болады. Аспап жез немесе қола сияқты металлдардан жасалады. Сыртқы келбетін оюлармен өрнектеп, сәндік үшін шашақ тағады.

**Дауылпаз аспабы** үйеңкі, қайың, қарағай сияқты тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы малдың жұқа терісімен қапталады. Көп жағдайда сыртын қаптау үшін ешкі, түйе, сиыр терісін қолданған. Бауды иыққа асып алып, дабыл қағады. Дауылпаз көлемі әр түрлі болуы мүмкін.

**Асатаяқ** – жалпақ басы екі жағынан шебер өрнектеліп, әдемі әшекейленген. Оған металл сылдырмақ ілінген. Асатаяқтың қуыс басының ішіне бір уыс бұршақ тастап, сыртынан көн терімен қаптауға болады.

**Даңғыра** – бұл да қазақтың ұрмалы аспабы. Дөңгелек ағаш шанағының бір жақ бетіне жұқа, кепкен тері қапталады да, іш жағына шынжыр, шығыршық, қоңырау, шалдырауық сияқты темірлер тағылады.

#### *IV тарау.* **АСПАПТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ** **АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕР**

##### *Алтын домбыра туралы аңыз.*

Ерте-ерте заманда «ер етігімен су кешкен, келте заманда» елім деп егіліп, тоғыз тарау елдің тарихын жадында сақтаған қарт жыршы болыпты. Кәрілік жеңіп, дәмі таусылар сәт жақындағанын сезген ол, бүкіл ел-жұртын, үрім-бұтағын жинап: «Уа, жарандар, қазір менің көкірегімде тоғыз тараудың шежіресі қаттаулы. Ел есінде қалар шаруаны өзіммен бірге жасасып, бірге қартайған осы бір домбырамның көмегімен үлкен-кішіге паш етіп келдім. Көз жұмар шақта білгенімді кімге қалдырам деп жүз ойланып, мың толғанып, шешімін таппадым. Ендігісін өздерің біліңдер» – деген екен.

Жас-кәрісі, ерлі-зайыптысы, жарлы-жақыбайы түгелдей жиналған жұрт өзара кеңесіп, тоғыз тарауды қарт жыраудың домбырасының шанағына құю керек деп шешкен екен. Сонда осынша байлық оның қуыс мойнынан шығып кетпесін һәм тоғыз тараудың белгісі болсын деп бүкіл ел болып домбыраға тоғыз тосқауыл перне, ал қарт жыраудың құрметіне аспаптың бетіне екінші ішек таққан екен. Осыдан барып оның шанағы кеңейіп, мойны ұзарып, шежірелі сыр шертетін халық мұрасы – алтын домбыра болып сол заманнан қалған екен. Сөйтіп домбыра сан ғасырларды артқа салып, қуыс мойын түрінде қала берген. Бірақ кейіннен қолайсыз да, ыңғайсыз болғандықтан оның мойнын бітеп, әрі ұзын ағаштан жонып ұзартқан екен.

### ***Жетіген аспабы туралы аңыз.***

Жетіген – ең көне көп ішекті аспаптарының бірі. Ескі дәуірдің көмескі тартқан қатпарынан б.з.д. 3000 жыл бұрын өмір сүрген саз аспаптар әлеміндегі кифара және лира қатарлы көп ішекті аспаптар, ежелгі Шумер елінде және Түркістан халықтарының байырғы мәдениетінен ескі Хорезмде де қолданылғандығы туралы тарихи жазба деректерінен кездестіреміз. Кейбір ғалымдар «жетіген» сөзі жеті байлық, жеті қазына дегенді білдіреді десе, кейбір аңыздарда ол «жеті хан» деген сөзден шыққан делінеді.

Ел аузында мынадай аңыз бар. Қаһарлы қыстың қақаған аязынан мал қырылып, үлкен жұт болады. Қазақтың ауылы ашарлыққа ұшырайды. Онымен қоймай, сүзек ауруы ит арап, ел ішінде көбейеді. Көпке әйгілі күйші қарттың жеті ұлы бірдей осы ауруға шалдығып, бірінен соң бірі көз жұмады. Қаралы қайғыға душар болған күйші көкірегін кернеген мұң-зарын күйге қосады. Үлкен ұлының дәм-тұзы таусылғанда – «Қарағыш», екінші ұлы өмірден қайтқанда – «Қанат сынар», үшінші ұлы қайтыс болғанда – «Құмарым», төртінші ұлы қаза тапқанда – «Ой сөнер», бесіншінің жүрегі тоқтағанда – «Бақыт көшті», алтыншының жамбасы жерге тигенде – «Күн тұтылды», жетіншісі жер жастағанда «Жеті ұлымнан айырылдым» деп азалы күй шерткен екен. Арнайы аспап жасап алып, әр ұлы қайтыс болғанда бір шектен байлап, астына асықтан тиек қойып отырыпты. Күйші қарттың жеті күйінен кейін «Жетігеннің жетеуі» деген атпен тартылып, ел ішіне кең тарап кетіпті.

### ***Қобыз туралы аңыз.***

Қобыз – ежелден келе жатқан аспап. Халық аңызы мен Орта Азия ғалымдарының кейбір деректеріне қарағанда, VIII-IX ғасырларда қобызды Қорқыт жасаған және оған алғаш рет күй шығарып тартқан деседі.

Қорқыттың қобыз аспабын ойлап табуы жөнінде мынадай аңыз бар: «Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде ойнайды екен. Алайда ол оған қанағаттанбай, адам мен жануардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа

бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, тоғыз толғанады. Қарағай ағашын кесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ әрі қарай қалай., не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жаққан қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар терісінен жасалған шанақ, ор текенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен» — деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна салып, осы айтылғандардың бәрін жасайды.

*Қарағайдың түбінен  
Қайырып алған, қобызым.  
Үйеңкінің түбінен  
Үйіріп алған қобызым.  
Желмаяның терісін  
Шанақ қылған, қобызым.  
Ортекенің мүйізін  
Тиек қылған, қобызым.  
Бесті айғырдың құйрығын  
Ішек қылған, қобызым.  
Құлағыңды бұрайын  
Осы айтқаным болмаса,  
Қайырып жерге ұрайын, - деп*

қобызды қолына алған кезде, аспап боздап қоя беріпті. Қобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң – бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдапты».

Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» күйі тыңдалады. «Бір жесір кемпірдің жалғыз баласы болады. Ол құс салып, ит жүгірткен саятшы екен. Қашқан аңды құтқармайтын «Ұшар» деген тазысы, желмен жарысқан жүйрік аты бар екен. Күндердің күнінде жігіт кенеттен қайтыс болады. Сол кездегі елдің әдет-ғұрпы бойынша, өлікті жерлегеннен кейін жұрт қоныс жаңартып, басқа жерге көшеді екен. Жаңа орынға көшіп келгеннен кейін кемпір баласына қалған жалғыз көз – тазыны іздесе, ол ұшты-күйлі жоқ болып шығады. «Ескі жұртта қалған болар» — деп, ана бұрынғы қоныстарына келсе, айтқандай-ақ, Ұшар иесін қиып кете алмай, мола басында сай-сүйекті сырқырата аспанға қарап ұлып жатыр екен. Мұны көрген ана:

*Жалғызымнан айырылдым,  
Қанатымнан қайырылдым,  
Ұшар, ұшар, кә-кә... – деп*

аңырайды. Кең далада жалғызының артында қалған ана мен иесінен айырылған тазы – қос мұңлық қосылып күңіренеді».

Қорқыт өзінің «Ұшардың ұлуы» атты күйін осы оқиғаға байланысты шығарыпты деседі. Қорқыттан кейін өмір сүрген, аты әйгілі, киелі бақсылардың бірі Қойлыбай туралы да қазақтар арасында аңыз көп. «Қойлыбай бар бақсының түп атасы, оқ тартар садағы іспетті» деп суреттейді оны Шоқан. Бірде ол қобызын аламан бәйгеге салған деген аңыз бар. «Жүздеген сәйгүлік қосылған бәйге аттарының келе жатқанын көргенде қолына қанжарын алып әулие, пірлерін жәрдемге шақырып Қойлыбай сарнап қоя береді. Сол ақ екен бәйге жақтан бір қара дауыл тұрып, отша лапылдаған аптап ыстық жел соғады. Бір кезде сол дауылдың артынан қалың қара көрініп, ат тұяғынның дүбірі естіледі. Демде бәйге аттарының алдынан қар борандатып, атты құлаш тамырымен ала жібін сүйреткен алып ағаш көрінеді. Сөйтсе ағаш дегені Қойлыбайдың қобызы, дауыл мен желді суырып келе жатқан көкаман жынының екпіні екен», — деп айтылады аңыз әңгімеде.

### ***Сыбызғының шығу тегі туралы аңыз.***

Сыбызғының шығу тегіне байланысты Алтай қазақтарының арасында төмендегідей аңыз сақталған. Онда: бұрынғы өткен заманда Ертіс өзенінің бойында бір кейуана ұлы екеуі өмір сүріп жатыпты. Баласы Ұлы Алтай тауында аң аулап, ну орманның ішінен жеміс теріп анасын асырайды екен. Қасиетті Алтайдан бас алатын өзен суы таудан сарқырай ағады екен. Сарқыраманың үні жас жігітті бала кезінен еліктіріп, небір тәтті қиялға алып ұшыпты. Небір ғажайып сезімге бөлепті. Абыз Алтай күңірене ән салып, белгісіз бір жұпар әуен желпи аймалап тұрғандай күй кешіпті. Аңнан қолы босай қалса күні бойы сарқыраманың жағасына барып оның даусын тыңдап, ғажайып әуеніне беріліп отырады екен. Кейде күннің батқанын да байқамай қалатын болған. Осылайша жүргенде бір күні сарқыраманың етегінен ай десе аузы, күн десе көзі бар ғажайып сұлу қыз шыға келеді. Жігіт аузы ашылып, көзін жұмып таң-тамаша болады. Сонда қыз: «Әй, сері жігіт, сен әр күн сайын осы сарқырамаға келіп үніне елігіп отырасың, бұның себебі не?», — дейді. Жігіт не айтарын білмей, абдырап қалады. Қыздың даусы мөлдір бұлақтың сылдырындай, демі Алтайдың самалындай үп етіп, бір ғажайып сезімге енді. Сәлден соң жігіт: «Осы күркіременің құлап аққан әрбір тамшысынан су перісі Ертіс арудың даусын естігендей боламын. Үйге барсам да, далада жүрсем де, тауға шықсам да құлағымнан кетпейді», — дейді. «Сері жігіт, олай болса мен саған бір амал үйретейін», — деп өсіп тұрған қурайды кесіп алып сыбызғы жасап беріпті де сұлу қыз Ертістің толқынына түсіп ғайып болыпты. Сол күннен бастап жігіттің қиялы су перісі сұлу қызға ауады. Жатса-тұрса да қыз қиялынан кетпейді. Су перісінің жасап берген қурай сыбызғысымен оған арнап «Ертіс толқыны», «Алтай толғауы», «Сарқырама» атты күйлер шығарады

*V тарау.*  
**АСПАПТАРДА ОЙНАП ҮЙРЕНУ**  
**ӘДІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ**

Оқушыларды музыка мамандығына дайындау қызықты да өте күрделі еңбек. Мұнда бір-бірімен жалғасып жатқан мына мәселені қараған жөн.

Ұстаз өз шәкіртіне өнерге деген көз-қарасын, сүйіспеншілігін, өз білімін, іскерлігін, орындаушылық шеберлігін беере білуі. Оқушы бойындағы талантты ашу, жақсы жақтарын көрсету, кемшіліктерін ұдайы түзете дамыту. Ұстаздық шеберлік тәрбиенің осы екі қырын қатарластыра жүргізгенде ғана нәтижеге жетеді. Бірақ ұстаздық ұлағаттылықтың мәні, оның ішінде, музыкант ұстаздың шеберлігінің кейбір қалтарыстары әлде де зерттеліп болған жоқ. Дейтұрғанмен де орындаушылық шеберлік, көркемөнер, музыкант ұстаз, халық мектебі, әр түрлі аспаптарда ойнауды үйрету, халық таланттары, музыкалық сан-салалы шығармалар, олардың орындау жолы, шығармашылық қақында көптеген тұжырымдар, ғылыми зерттеушілік жұмыстар, түбірлі түйіндер бар. Бәріне ортақ бір қағида – негіз, ол дұрыс отырғызу, қолдарын дұрыс қою, оңтайлы аспап, ізденісті домбырашы қалыптастыру, әр оқушының жеке қабілетіне байланысты сабақ ұйымдастыру.

Домбыра өнерін үйрету бағыттарының әр түрлі бағыттары болады. Соның ішіндегі қазақ халқына етене жақыны – **құйма құлақ** қабілетімен үйрету. Бұл тез үйренумен қатар нота сауатын қажетсінбейтін домбырашыға арналады. Сонымен қатар жас балаларға үйрету кезеңінде нота уақыт алады, әрі көңілі бөлініп қол қойылымы, отырысын бағдарлай алмайды.

**Құйма құлақ** – бұл дәстүрлі күй үйрету мектебі. Құйма құлақ әдісінің ғасырлық тарихы бар. Ол заманда да, қазіргі күй ғұмыр боп өскен ауыл баласы құлақпен қабылдаған, қолын қойып ешкім үйретпеген. Үйрету әдісінің қиыны, бірақ ең тиімдісі.

«Домбыра үйрету әдістемесі» пәні домбырашы оқушылардың теориялық білімі қалыптасуын ұстаздық машық, барша тәжірибелерге мейлінше қабыстыра өткізуді көздейді. «Домбыра үйрену әдістерінің мектептері» атты түрлі әдебиеттерді қатар пайдалана отырып, күнделікті сабаққа ден қойған кезде ғана белгілі нәтиже шығаруға болады.

Домбыраны алғаш меңгеру барысында оқушы қолдарын еркін әрі бос қозғалтып үйренуі керек. Қағыс пен перне басуда екі қолдың үйлесімін келтіру, т.с. сияқты алғашқы ойнау тәсілдері домбыра ойнау шеберлігінің негізі болып табылады. Домбыра тартып үйрену әуелі ашық ішекті қағыстардан басталады. Қазіргі құйма құлақ мектебінде де сан қилы әдіс болатыны шындық.

Ең басты міндет – оқушының бойы мен қолдарына қарай аспапты дұрыс талдай білу – аспап оқушыға ойнауға ыңғайлы болуы қажет. Екінші



міндет – оқушының орындықты жас шамасына қарай дұрыс таңдауы. Оқушы орындықтың шетіне отырады. Оң аяқты сол аяқтың үстіне қойып, домбыраның мойны сол иықтың деңгейінде орналасады. Сол қолды сұқ саусағымен 2-ші пернені басады. Бармақ бос тұрады, қалған саусақтар бір тізбе бойынша қатар орналасады. Оң қолдың сұқ саусағы мен бармағы аздап қосалап, қалған саусақтар бүгіліп, жартылай жұдырықты тізеді. Сұқ саусақтың ұшымен төмен қағып, бармақтың ұшымен жоғары қағамыз. Осы бағытта бірнеше қағыстар тартамыз.

**1 нұсқа** – 1 төмен 1 жоғары – осы ретте бірнеше рет қайталау қажет.

**2 нұсқа** – 2 рет төмен 2 рет жоғары – осы ретте бірнеше рет қайталау қажет.

**3 нұсқа** – 1 рет төмен 2 рет жоғары – осы ретте бірнеше рет қайталау қажет.

**4 нұсқа** – 1 рет төмен 3 рет жоғары – осы ретте бірнеше рет қайталау қажет.

### Қағыстардың ерекшеліктері

«Төкпе дәстүрі» – оң қолмен тұтас құлаштап тарту

«Шертпе дәстүрі» – жеке саусақпен шертіп тарту

«Сұқна күй» – ортаңғы және сұқ саусақтармен қатар шерту әдісі

«Ілме күй» – ішекті сұқ саусақпен жоғары қарай іліп шерту қағысы

«Ілме қағыс» – бүкіл қолды домбыраның шанағы мен мойныны үстінен үйіре қағу

«Орама қағыс» – бір рет төмен және бірнеше рет жоғары қағу

«Алма-кезек қағыс» – жоғары-төмен кезекпен қағу

### Домбыра тартып үйрену әдістеріне арналған кітаптар тізімі:

1. *Сахарбаева К.* Домбыра үйрету әдістері. – Алматы: «Издатмаркет», 2006.

2. *Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б.* Домбыра үйрену мектебі. – Алматы, 1992.

3. *Еңсепов Ж.* Домбыра философиясы. – Алматы, 2007.

4. *Қасқабасов С.А.* Қазақ өнерінің тарихы. – Алматы: Өнер, 2008.

*VI тарау.*  
**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСПАПТАРЫН  
ЗЕРТТЕУШІЛЕР МЕН ЭТНОГРАФ ҒАЛЫМДАР**

Қазақ халқының музыкалық фольклорына қатысты мәліметтер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде шетел, орыс ориенталисттері мен қазақ ағартушыларының еңбектерінде азды-көпті қамтылған. Олардың қатарында А.Е. Аллекторов, А.Э. Бимбоэс, Г.И. Гизлер, Ә.А. Диваев, И.Д. Добровольский, А.И. Левшин, П.С. Паллас, Р.А. Пфенниг, В.В. Радлов, С.Г. Рыбаков, Н.Ф. Савичев, Ш. Уәлиханов, А.Ф. Эйхгорн, т.б. атауға болады.

Өзінің «Қырғыздар мен сарттардың халық әндері» атты мақаласында Р.А. Пфенниг: *«Бұл халықтардың бірде-бірі жиын тойды әнсіз өткізбейді»*, - деп жазды. Ол негізінен тұрмыс-салт және салттан тыс фольклорды сөз еткен. Р.А. Пфеннигтің «Музыкальные инструменты народов Средней Азии и Казахстана» (СПб., 1885) атты кітапшасында Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде тараған музыкалық аспаптар туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Автор мұнда әрбір аспапқа, оның құрылысы, орындалу ерекшеліктеріне арнайы тоқталған. Қазақ халқының музыкалық фольклорын зерттеуге елеулі үлес қосқандардың қатарында Түркістан генерал-губернаторының әскери капельмейстері А.Ф. Эйхгорн да болды.

1871 жылы оған жергілікті халықтардың әндері мен музыкалық аспаптары туралы мәліметтер жинауды тапсырады. Осы салада атқарған еңбегі үшін ол кейін үлкен күміс медальға ие болған. А. Эйхгорн еңбегі ұзақ жылдар бойы жарық көрмей, тек 1963 жылы ғана Ташкентте басылған «Музыкальная фольклористика в Узбекистане» атты жинаққа енген. Алғашқы бөлімі — «Музыка киргизов», екіншісі — «Музыка узбеков» деп аталады. Бірінші бөлімінде А. Эйхгорн домбыра, қобыз, сыбызғы аспаптарының сипаттамасын жазып, одан әрі 30 әннің нота жазбасын берген. Бірақ әндердің әдеби мәтіндері жоқ. Жинаушының назарынан айтыс өнері де тыс қалмаған.

Белгілі ориенталист А.Э. Бимбоэс «Музыкальная этнография» (Ленинград, 1926) деген айдарымен қырғыздың 25 әнін бастырған. Қазан төңкерісіне дейін орыс ғылыми әдебиеттерінде қазақтардың *қырғыз* деп аталғаны мәлім болса, мұның бәрі қазақ әндерінің көркем үлгілері болатын.

Бұлардан басқа орыс ғалымдарының еңбектерінде де қазақ халқының музыкалық фольклоры туралы мәліметтер кездесіп отырады. Мысалы, қырғыз-қайсақ тайпаларының даласы мен ордаларын сипаттаған А.И. Левшин өзінің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» (1832) атты тарихи еңбегінде екі әннің нотасын жариялаған. Сол сияқты Георгий, Андреев, Готовицкий, тағы басқалардың жазбаларында қазақ халқының әншілік, күйшілік, жыршылық дәстүріне байланысты деректер аз емес. Солардың



қатарында Құрманғазы туралы естелік қалдырып, оны жойқын күйші ретінде суреттеген Н. Савичев жазбасын ерекше атап өтуге болады.

Қазақ музыкасы туралы мәліметтер өз топырағымыздан шыққан ағартушылардың да назарын аударған. Әйгілі Шоқан қазақ поэзиясының түрлерілене арналған мақаласында эпикалық жанр — жыр туралы қызықты ойлар айтқан. Сол сияқты халқымыздың музыкалық аспаптарына қатысты деректер де келтірген. Қазақта қобыздың сүйемелдеуімен ең соңғы жыр айтқан жырау — Жанақ деп көрсеткен де сол. Шетел, орыс ориенталистері қазақ музыка фольклорына назар аударса да, оның жүйелі түрде жиналуы әйгілі этнограф А.В. Затаевич шығармашылығымен байланысты. XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында жүргізген музыкалық-этнографиялық қызметінің нәтижесінде ол алғаш рет «Қазақ халқының 1000 әні» (Орынбор, 1925) жинағын шығарды. Бұл еңбекті сол тұстағы Р. Роллан, М. Горький секілді мәдениет қайраткерлері жоғары бағалаған. Әрине, жинақтың кемшілігі де болды. Соның бастысы — жинаққа енген әндердің әдеби мәтінсіз жариялануы еді. А.В. Затаевич Қазақстанның барлық аймақтарында болған. Кейін Қазақстан ғалымдарының қайта даярлауымен бұл жинақ толықтырылып, көптеген әндердің мәтіндері қалпына келтіріліп екінші рет басылды (Москва, 1963).

Қазақ музыка фольклорын жинауда А.В. Затаевичтің «Қазақтың 500 ән-күйі» атты этнографиялық жинағының маңызы да зор болды. Алғаш 1931 жылы Алматыда жарық көрген жинақ 2002 жылы екінші қайтара басылды. Мұнда Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, т.б. халық күйші-композиторларының шығармалары қамтылған. А.В. Затаевичтің архивінде жарық көрмеген 1500-ге жуық халық шығармалары қалған.

Қазақ музыка фольклорының кәсіби негізде зерттелуі А. Жұбанов, Б. Ерзакович, Л. Хамиди, Е. Брусиловский ізденістерінен бастау алады. Б. Ерзаковичтің «Песенная культура казаховского народа» (Алматы, 1966) атты еңбегі қазақ халқының музыкалық фольклорын теориялық деңгейде зерттеудің үлкен бір көрінісі болды. Қазақтың әншілік және күйшілік дәстүрін бергі жерде зерттеген ғалымдар санатына М. Ахметова, А. Темірбекова, Ә. Мұхамбетова, Б. Қаракұлов, С. Елеманова, т.б. қосуға болады. Бүгінде фольклортану ғылымының алдында тұрған басты міндет – халық ән-күйлерінің тарихилығы, қазақ этногенезінің қалыптасуына тигізген ықпалын анықтау болып табылады.

## *VII тарау.* **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ-АСПАПТАР ОРКЕСТРЛЕРІ**

### **Құрманғазы атындағы Мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі.**

Қазақ халқының мақтанышына айналған, ұлттық профессионалдық музыка өнерінің қара шаңырағы атанған қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі шын мәніндегі ұлы оркестр. Оркестрге 1944 жылы Құрманғазы есімі берілді. 1967 жылы ҚазССР-інің еңбек сіңірген ұжымы, 1978 жылдан Академиялық атағы берілді. Алғашқыда А. Жұбановтың бастамасымен 1933 жылы Алматы Музыкалық драма техникумы (қазіргі Алматы музыкалық колледжі) жанынан домбыра ансамблі ретінде ұйымдастырылды. Оның құрамында 11 адам болды, ал музыкалық аспаптардан тек алыт-домбыралар пайдаланып, халық күйлері мен әндері орындалды. 1934 жылы ансамбль халық өнерпаздарының Бүкілодақтық 1-слетіне қатысып, халықтың «Кеңес», «Айжан қыз», «Қарабас», т.б. күйлері мен «Балқурай», «Қарғаш» т.б. әндерін орындады. Слеттен кейін ансамбль КазЦИК атындағы оркестр болып қайта құрылды. Слетке қатысқан домбырашылар Л. Мұхитов, Қ. Жантілеуов, О. Қабиғожин, Н. Бөкейханов, Ғ. Матов, қобызшы Ж. Қаламбаев оркестр құрамына алынды. Оркестрдің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі болып Ахмет Жұбанов тағайындалды. Онда музыкалық аспаптарды дауысқа бөлу тәртібіне және олардың жаңа түрлерінің (тенор, пикколо, прима, бас, контрабас домбыралары, алыт, бас, контрабас қобыздары, сырнай, дауылпаз, т.б.) жасалуына орыстың В. Андреев атындағы оркестрі негіз болды. Оркестр әр жылдарда жас маман кадрлармен толықтырылып отырды. 1987 жылы оның құрамында 90 адам болды. Оркестр репертуары 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлімінде халық композиторлары Құрманғазының «Сарыарқа», «Серпер», «Адай», Дәулеткерейдің «Құдаша», «Қос алқа», Динаның «Әсем қоңыр», «Той бастар», Тәттімбеттің «Сары жайлау», «Сылқылдақ»; Сейтектің «16-жыл», Қазанғаптың «Көкіл»; Түркештің «Көңіл ашар», сондай-ақ, Дайрабайдың, т.б. күйлері бар. 2-бөлімінде ТМД елдері композиторлары С.С. Прокофьевтің «Классикалық симфониясы», Д.Д. Шостаковичтің «Романсы», «Гаянэ» балетінен үзінділері, т.б., орыс және Батыс Еуропа композиторлары М.И. Глинканың «Камаринскаясы», П.И. Чайковскийдің 4-симфониясының 2, 3-бөлімдері, А.К. Глазуновтың «Концерттік вальстері», А.С. Аренскийдің «Фортепьяно мен оркестрге жазылған фантазиясы», В.А. Моцарттың «Қысқа түнгі серенадасы», Ж. Бизенің «Кармен» операсының увертюрасы, Сен Санстың «Рондо Каприччиозосы», И. Брамстың «Венгер билері», Дж. Россинидің «Севиль шаштаразысы» операсының увертюрасы, т.б. шығармалары бар. 3-бөлімінде А. Жұбановтың «Қазақ маршы» мен «Абай» сюитасы, Е.Г.

Брусилковскийдің «Думанда» мен «Желдірмесі», Н. Тілендиевтің «Поэма-сы», С. Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» мен «Мерекелік увертюрасы», М. Қойшыбаевтың «Кеңестік Қазақстан» мен «3 бөлімді симфониясы», К. Күмісбековтің «Шалқымасы» мен «Вальсі», М. Маңғытаевтың «Концерттік күйі», т.б. қазақ композиторларының оркестрге арнап жазған музыкалық туындылары бар. Бұл шығармалар халықтың аспаптық музыкасын гармониялық және полифониялық дыбыс бояуымен, көп дауысты белгілерімен байыта түсті. Кезінде оркестрге М. Төлебаев, Н. Тілендиев, А. Мырзабеков, Л.А. Хамиди, Қ. Мусин, Л.М. Шаргородский дирижерлік етті. 1950 жылдан оркестрдің көркемдік жағын Ш.С. Қажығалиев (1950 – 60 ж.ж; 1964 – 68 ж.ж. және 1971 жылдан) басқарып, бас дирижері болды. Оркестр 1953 жылы Бухарест қаласында өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестивалінің жеңімпазы атанып, алтын медальға ие болды. «Халықтар достығы» орденімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған. Гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қалаларында, шет елдерде – Қытайда (1950 ж., 1957 ж.), Румынияда (1953 ж.), Венгрияда (1969 ж.), Польшада (1973 ж.), Финляндияда (1971 ж.), т.б. елдерде болды.

**Нұрғиса Тілендиев атындағы  
Отырар сазы мемлекеттік академиялық  
фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрі.**

1982 жылғы 2 қазанда дүниеге келген Н. Тілендиев атындағы академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрі қазақтың ұлттық музыка аспаптарының қазіргі заманғы және байырғы аспаптардың аса бай жинағымен танысу мүмкіндігін береді. Баға жетпес мәдени мұра болып есептелінетін қазақтың музыкалық аспаптары біздерге ғасырлар қойнауынан жетіп отыр. Домбыра мен қобыздан басқа, «Отырар сазы» оркестрінде байырғы қазақ аспаптары – жетіген, шертер, шаңқобыз, месқобыз, сырнай мен сазсырнай, сыбызғы, сондай-ақ ұрмалы аспаптар – асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, қайрақ үн катады. Осындай дыбыстардың алуан түрлілігі оркестрге ұлттық фольклордың бай төлтума үлгілерін кеңінен көрсетуге мүмкіндік береді. Оркестрдің алғашқы бас дирижері, КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық Қаһарманы, белгілі қоғам қайраткері, композитор Нұрғиса Тілендиев ұжым алдына осындай биік мақсат қойып, ол басқарған оркестр миниатюралар мен әндерді ғана емес, ірі драмалық ойларды да жеткізе алатын мүмкіндігі кең ұжым қатарына көтерді. Репертуарындағы фольклорлық туындылармен қатар аңыз, шежіре, күйлер сипатында жазылған Қазақстан композиторларының шығармалары ұлттық нақышымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, репертуары кинофильмдер музыкасымен, солистер орындайтын аспаптық шығармалармен толықтырылған.

Ұжым қазақтың музыкалық фольклорының тамаша үлгілерін сақтап қана қоймай, қазіргі мәнерлеу аспаптары мен оркестрдің тембр мүмкіндігіне сәйкес келетін туындыларды өңдеп, жетілдіріп келеді.

### **Астана қаласы Мемлекеттік филармониясының қазақ халық аспаптар оркестрі.**

Қазақ халық аспаптар оркестрі 1997 жылы құрылды. ҚР еңбек сіңірген қайраткері Мырзағали Айдаболов астаналық оркестрді басқаруға шақырылды. Оркестрдің құрамына ҚР еңбек сіңірген артисі Т. Әліпбаев, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері А. Мұздаханова, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның және Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің дарынды түлектері. Он жыл ішінде оркестр үлкен табыстарға жетті. Бүгінгі күнде оркестр репертуарында қазақтың халық композиторлары Ықылас, Сүгір, Қорқыт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Түркеш, Тәттімбет, қазақстандық және шетел шығармалары бар.

### **Дәулеткерей атындағы халық аспаптар оркестрі.**

Ғ. Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының жанындағы Дәулеткерей атындағы халық аспаптар оркестрі – Қазақстан Республикасы бойынша жаңадан құрылған жас оркестр. Оркестр 2000 жылы облыс әкімдігінің басшылығымен құрылды. Бұл күй атасы Құрманғазы, күй анасы Дина, атақты күйшілер Ұзақ, Дәулеткерей, Сейтек, Баламайсан, Түркеш дүниеге келген қасиетті Ақжайық өңірінде атаулы өнер саңылақтарының ұлттық музыка дәстүрін одан әрі жалғастыра дамытып, республика көлемінде халықтық шығармалармен қатар, әлемдегі ең озық музыка классиктерінің таңдаулы шығармаларын орындайтындай дәрежеге жеткізу мақсатында құрылған үлкен ұжым. Бүгінде оркестрдің құрамында 52 біліктілігі жоғары деңгейлі кәсіби музыка мамандары жұмыс істейді. Олардың негізін: Алматы Мемлекеттік консерваториясы мен Дәулеткерей атындағы өнер институтының түлектері құрайды. Репертуарында Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Түркеш, Сейтек, Баламайсан, Махамбет т.б. көптеген халық композиторларының күйлері және Қазақстан композиторлары: А. Жұбанов, М. Төлебаев, С. Мұхаметжанов, Е. Брусиловский, М. Қойшыбаев, Н. Тілендиев, К. Күмісбеков, Е. Рахмадиев, Б. Жұманиязов, А. Жайымовтардың т.б. белгілі композиторларымыздың музыкалық шығармаларымен қатар П.И. Чайковский, М. Огинский, В. Моцарт, И. Штраус, И. Брамс, А. Хачатурян, Ж. Бизе сияқты ірі орыс және шетел композиторларының шығармалары кеңінен орын алған. Құрылғанына аз уақыт өтсе де, оркестрдің репертуарында 200-ден астам шығармалар бар.

### **«Сары арқа» ұлт аспаптар ансамблі.**

1998 жылы Астана қаласы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театры құрамынан «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі құрылды. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі – ҚР Мәдениет қайраткері Нұрлан Хамзин. Ансамбль өзінің қызметін 2000 жылдан бастап Астана қаласы Мемлекеттік филармониясының құрамында жалғастырып келеді. «Сарыарқа» ансамблі республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты атанып, еліміздегі және шет елдерде өтетін халық шығармашылығының халықаралық фестивальдердің қатысушысы болып табылады. Репертуарына қазақ халық әуендері: классикадан жаңашыл кәсіби композитор туындылары, әр ұлттың әуендерінің ұлттық өңделген түпнұсқасы, еуропалық классика және жаңа шет елдік шығармаларды ұлттық аспаптарда орындауға арналып өңделген туындылар бар.

### **«Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі.**

Ансамбль 1981 жылы Республикалық қазақ халық аспаптары Мұражайының жанынан құрылған. Бастапқы кезден-ақ ансамбльдің негізгі міндеті – халық музыкасын дәріптеу болғанмен де, ансамбль мүшелері көне музыкалық аспаптардың шығу тарихымен де белсенді түрде айналысып жүр. Ансамбльдің өзіне тән ерекшелігі – бұл әрбір музыканттың бірнеше музыкалық аспаптарда ойнауында. Ансамбль аспаптары – бұл қазақтың халық аспаптары: сыбызғы, жетіген, сазсырнай, шертер және тағы басқалар, сол сияқты, ежелгі ұмыт бола бастаған, ал қазіргі күні қайта жаңғырып келе жатқан адырна, сазген, нарқобыз және т.б. аспаптар. «Сазген сазы» ансамблінің репертуары халық шығармаларынан, сол сияқты халықтық-кәсіпқой сазгерлер Құрманғазы, Тәттімбет, Сүгірлердің туындыларынан тұрады. Репертуар әрдайым толықтырылып, жаңартылып отырады, музыканттар қай кезде де шығармашылық ізденіс үстінде. «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі өз тыңдармандарының құрметі мен алғысына тез қол жеткізді. Орындау шеберлігі жағынан ансамбльді жоғары дәрежелі мәдениетті, кәсіпқойлығы, көркемдік талғамы, халық аспаптарында ойнаудың дәстүрлі ерекшеліктерін жітік білуі ерекшелендіреді. Ансамбль мүшелері этнографиялық сипаттамаларға сәйкес, қазақ ұлттық киім үлгілерімен тігілген костюмдерде өнер көрсетеді.

### **Қазақтың «Ұлытау» этно-рок тобы.**

«Ұлытау» тобы 2001 жылы құрылды. Топтың құрылу мақсаты – тыңдармандарға халық шығармаларының бар сұлулығы мен бүкіл әлемге қазақ халқының мәдениетін таныстыру, сонымен қатар өскелең жас ұрпаққа домбыраның қадір-қасиетін дәріптеу. «Ұлытау» тобы – отандық және әлемдік заманауи инструменталды музыка саласындағы жаңалық болып табылады. Топ музыканттары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Бах, Н. Тілендиев,



Вивальди, Паганини сияқты ұлы композиторлардың шығармаларын ерекше құлшыныспен және ынтамен орындауымен көзге түсті. «Ұлытау» тобының мүшелері классиктердің таңдамалы шығармалары мен қазақ классиктерінің туындыларына бірдей қызығушылық танытып келеді, түрлі тақырыптағы және дыбыстық ерекшеліктері бар туындыларды батылдықпен ойнайды.

### *VIII тарау.*

## **САЗ АСПАПТАРЫН ЖАСАЙТЫН ШЕБЕРЛЕР**

Музыка аспаптарын жасаушы хас шебер **Жолаушы Тұрдығұловтың** қолынан шыққан аспаптарын еліміздің ең айтулы, кәсіби музыканттары ойнап жүр. Атап айтсақ, Қ. Байбосынов, А. Қоразбаев, Т. Шамелов, С. Тұрысбеков, А. Үлкенбаева, А. Райымбергенов, А. Қосанова, Е. Әлімбетов, А. Еңсепов және тағы басқалар. Ол қазақтың қара домбырасынан бастап қылқобыз, нарқобыз, дауылпаз, сазген, қос-саз, шертер, шаңқобыз, сыбызғы сияқты ұлттық аспаптармен бірге қырғыздың қомызын да жасады. Сонымен бірге қазіргі кезде қолданыста жүрген, өз лабораториясынан шыққан жиырмаға жуық домбыра түрі: «ән және күй домбырасы, торсық, тұмар, кең шанақты (екі нұсқасы), балдырған, балашық, шіңкілдек, аша, үш ішекті, қуыс мойын, шертер, оркестр домбыралары; қоңыр дауысты (альт), жіңішке дауысты (прима), ащы дауысты (секунда), бас домбыралар (екі нұсқасы) т.б. бар». Шебер қолынан шыққан туындылар елімізде де, шет мемлекеттерде де кәсіби мамандар тарапынан жоғары бағаланып жүр. Мысалы, 1998 жылы Австрияда өткен варган музыкасының III Халықаралық конгресінде әлемнің 22 елінен 70 музыкант қатысқан жиында Жолаушы Тұрдығұловтың жасаған Нарқобызы жоғары бағаланып, суреті Францияның Ұлттық мұражайына және Австриядағы әлем музыкалық аспаптары мұражайына, Уфадағы Халық музыка орталығына жіберілді. Ол Махамбет, Абай домбыраларының көшірмесін мұрағаттар тапсырысымен жасаған. Домбыра жасауды жете меңгерген шебердің алдына қойған мақсаты – домбыраны дүние жүзіне таныту.

**Саз аспаптарын жасаушы шебер Асима Иманғалиева** 13 жасқа келгенде қасиетті домбыраны қолына алған. Содан бері саз аспаптарына деген қызығушылығы мен құмарлығы бір басылған емес. Ал аспаптарды жасаумен тұрақты түрде 1990 жылдардан бері айналысып келеді. Сол жылдары Алматыда өз мектебі – №7 кәсіптік-лицейін ұйымдастырды. Қазір осы мектепте өндірістік оқыту шебері болып жұмыс істейді.

Домбыра, шертер, кобыз, прима-қобыз, қыл кобыз, олардың қораптарын, аса таяқ, тоқылдақ, сақпан сынды аспап түрлері жасаумен айналыса-

ды. Атырауда және Алматыда өткен «Үкілі домбыра» байқауында екі рет екінші орынды жеңіп алған.

Шығысқазақстандық **Ерболат Ахаев** ұлттық аспаптар жасаумен ел арасында 2000 жылдан бері таныла бастады. Оның қолынан шыққан домбыра, қобыз, шертер, дауылпаз сияқты ұлттық аспаптар халық тарапынан жоғары бағаланып, ерекше сұранысқа ие. Еңбегі нәтижесіз емес. Түрлі көрмелерде лайықты бағасын алып жүр. Ерболат домбыра жасағанда бір аспапқа ағаштың 7 түрін қолданады. Шебердің айтуынша, жақсы домбыра жасау үшін мықты материал, уақыт және ең бастысы шабыт керек. Бүгінде ұлттық аспапқа деген қызығушылық күн санап артып келеді. «Мұрагер» бағдарламасы балғындардың оған деген сүйіспеншілігін арттыруға зор ықпал етіп отыр. Шығыс Қазақстанда 1500-ге жуық оқушының ән сабағында тек домбыраны таңдауы осыған дәлел. Ұлттық өнерді бойына сіңіріп, дәрістен жақсы нәтиже алу үшін аспаптың сапалы болуы өте қажет.

#### **«Ғаламарт» тобының шеберлері**

Мұнда істеп жатқан шеберлердің басым көпшілігі Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қолданбалы өнер бөлімінің түлектері, яғни олардың барлығы дерлік Тұрдығұлов Жолаушы ағайдың шәкірттері. Шеберлер: Алмас Мұстафаев, Еркебұлан Уалиев, Нүркен Молдасан, Рауан Әбдірахманов, Қуаныш Білал, Балықбай Дастан, Мұстафаев Бақыт, Ғылымбек Мекенұлы.

#### **Алмас Мұстафа Серікұлы**

Өнердегі бағыты: ұлттық музыкалық аспаптар жасау, кескіндеме, мүсін, графика, керамика, колөнер салаларын дамыту.

*Қатысқан көрмелері:*

2008 жылы – «Серпер» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері;

2009 жылы – Түркіменстан астанасы Ашхабадта өткен «Ұлттық құндылықтар және әлем жауһарлары» атты халықаралық көрмеге қатысушы;

2010 жылы – Ашхабадта өткен «Адамзаттың рух қазынасы» атты Халықаралық фестиваль көрмесіне қатысушы;

2010 жылы – Ресей елшілігі мен «Искусство будущего» халықаралық қорының ұйымдастыруымен «Қазақстан Өнер аптасы» атты халықаралық көрме конкурсының тәжірибелік кескіндеме номинациясы бойынша 1 орын иегері;

2010 жылы – Иран шаһары Горганда өткен «17-ші Халықаралық талантты жастар фестивалінде» Мүсін номинациясы бойынша 2 орын иегері;

Қазақстан Республикасы психологтар қауымдастығының мүшесі, Ресейдің кәсіби суретшілердің шығармашылық одағына мүше.



**Молдасан Нүркен Ауғалиұлы**

Өнердегі бағыты: музыкалық аспаптар жасау, кескіндеме.

Жасаған жұмыстары ҚазҰПУ-дың студенттер көрмесінде қойылып, жоғары бағаларға ие болған.

**Уалиев Еркебұлан Советбекұлы**

Өнердегі бағыты: музыкалық аспаптар жасау, кескіндеме, қол өнер.

2010 жылы Тұрдығұлов Жолаушы Әбілғазыұлының көрмесіне қатысып, марапатталған.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Сарыбаев Б.* «Қазақтың музыкалық аспаптары». Алматы, 1978.
2. *Уразалиева Ғ., Шілдебаева* «Ғасырлармен үндескен қобыз» Астана, 2006.
3. *Вызго Т.* Музыкальные инструменты Средней Азии. Исторические очерки. – М., 1980. – 191 с.
4. *Жақыпбек Н.Б.* Қазақтың көне жетіген аспабы// Музыкалық білім және музыкалық ғылым саласындағы өзекті мәселелері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2005. – 179-184 бб.
5. Народные музыкальные инструменты и инструментальная музыка. Сборник статей и материалов в двух частях. II часть. – Москва, 1988.
6. *Картенбаева Қ.М.* Жетіген аспабының техникалық мүмкіншіліктері мен орындаушылық ерекшеліктері. Дисс... өнертану магистрі. Алматы, 2011.
7. *Жақыпбек Н.Б.* Жетіген үйрену мектебі. – Алматы, 2011. – 214 б.
8. *Бахти А.* Шумеры, скифы, казахи. – Алматы, 2002. – 216 с.
9. *Нысанбаев Ә.* Қорқыт ата. Алматы, 1997.
10. *Өтеуов М., Төлегенұлы Ш.* Ғасырдан-ғасырға. Алматы, 2000.
11. *Сейдімбек А.* Қазақтың күй өнері. Астана, 2002. –
12. *Есмаханов А.* Қазақ музыка аспаптары. Алматы, 1998. – 12 б.
13. *Шәкарімов Ж.* Әміре. Аққуға аспандағы әнін қосқан...Алматы.
14. *Жәнібеков Ө.* Жолайрықта. Алматы.
15. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. Алматы.
16. *Қалиев С., Сымайлова М.* Қазақтың салт –дәстүрлері. Алматы.
17. *Жәнібеков Ө.* Уақыт керуен. Алматы.
18. *Жарқынбеков М.* Қорқыт. Елім-ай. Алматы: Өнер, 1987. – 22 б.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<i>I тарау.</i> Қазақтың музыкалық аспаптарының тарихына шолу.....	4
<i>II тарау.</i> Қазақтың музыкалық аспаптарының тізімі.....	9
<i>III тарау.</i> Аспаптарды жасау технологиясы.....	14
<i>IV тарау.</i> Аспаптардың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелер.....	23
<i>V тарау.</i> Аспаптарда ойнап үйрену әдістерінің ерекшелігі туралы.....	27
<i>VI тарау.</i> Қазақ халқының аспаптарын зерттеушілер мен этнограф ғалымдар.....	29
<i>VII тарау.</i> Қазақтың ұлт-аспаптар оркестрлері.....	31
<i>VIII тарау.</i> Саз аспаптарын жасайтын шеберлер.....	35

Басуға 18.11.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5.  
Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 239. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы, «Полиграфсервис» ЖШС.  
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.